

Азиялық Даму Банкінің ауыл шаруашылық секторына арналған Бағдарламалық заемен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 шілде N 928

Агроөнеркәсіп кешеніндегі реформаларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына берілетін Азиялық Даму Банкінің Бағдарламалық заемен тиімді пайдалану және Азиялық Даму Банкінің Бағдарламалық заемінің Саяси матрицаларын орындау жөніндегі шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі және Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып ауыл шаруашылығы секторы үшін бөлінген және лизингтік негізде пайдаланатын Азиялық Даму Банкінің Бағдарламалық заемінің қаражаттарын орналастыру жөніндегі екінші дәрежелі қазақстан банктерінің ұсыныстарын қарасын және осы кредит желісіне қызмет көрсету үшін өкілетті екінші дәрежелі қазақстан банктерін 1996 жылдың 25 шілдесіне дейін анықтасын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі лизингтік негізде басымдықта қаржыландыру үшін өкілетті қазақстандық банктерге ұсынылатын агроөнеркәсіп кешенінің аймақтар тұрғысындағы өндіріс түрлерін 1996 жылдың 1 тамызына дейін анықтасын. Өкілетті қазақстандық банктерге 1996 жылдың 5 тамызына дейін ұсынсын және жобаларды іріктеу жөнінде тендер жарияласын.

"Агро-Лизинг" акционерлік қоғамы лизинг беруші есебінде ауыл шаруашылығы секторы үшін Азиялық Даму Банкінің Бағдарламалық заемен үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық кеңес болып белгіленгендігі ескерілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Азиялық Даму Банкінің Бағдарламалық заемінің шарттарына сәйкес өкілетті екінші дәрежелі қазақстан банктерімен тиісті кредит шарттарын жасай отырып, агроөнеркәсіп кешенінің басым жобаларын лизингтік негізде қаржыландыруды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен өкілетті екінші дәрежелі қазақстан банктері арасындағы кредит шарттарында, іріктелген жобалардағы айналым капиталы банкілердің немесе заемшылардың өз қаражаттары есебінен қаржыландырылатындығы көзделсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен өкілетті екінші дәрежелі қазақстан банктері арасындағы кредит шарттарында, іріктелген жобалардағы айналым капиталы банкілердің немесе заемшылардың өз қаражаттары есебінен

қаржыландырылатындығы көзделсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі банк сараптамасын бұдан әрі жүргізу үшін оң қорытынды алған инвестициялық жобаларды өкілетті екінші дәрежелі қазақстан банктеріне бір апта мерзім ішінде берсін.

5. Өкілетті екінші дәрежелі қазақстан банктеріне жобалардың банктік сараптамасын жүргізуді, өтімді кепіл болған кезде сатып алынатын технологиялар мен жабдықтарды қаржыландыру мен олардың төлемдерін жүзеге асыруды, лизингтік негіздегі кредит ресурстарын мақсатты пайдалануды және кредит ресурстарын уақытында қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азиялық Даму Банкінің

Бағдарламалық заемін үйлестіру жөніндегі Ведомствоаралық кеңес қажетті лизингтік жабдықтар беруші фирмаларды іріктеу мәселесін аяқтау жөніндегі жұмыстарын тездетсін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.Ш. Ақымбековке, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі